

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Байқау кеңесінің 2024 жылғы «\_\_\_\_\_» № \_\_\_\_\_ шешімімен бекітілді

## **«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. «Қайтарылған активтерді басқарушы компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттары) Қазақстан Республикасының "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар «Қайтарылған активтерді басқарушы компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсныымдар жүйесін құруға бағытталған.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің міндеттері:

1) Серіктестікте жұмыс істейтін тұлғалар арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықтың қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың теріс салдарларын болдырмау.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) әдептілік;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін сактау және оларды сыйбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мұдделер қақтығысына жол бермеу.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестікте жұмыс істейтін тұлғалардың белгіленген ережелерді мұлтіксіз орындауға және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындауға бағытталған тікелей әрекеттер жатыр, келесідей жағдайларда:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

- 3) Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттар жобаларын дайындау;
- 4) кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру;
- 5) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алушуды жүзеге асыру;
- 6) тиісті өмір сұру саласының ерекшеліктеріне байланысты өзге де қоғамдық-маңызды қатынастарда.
- 7) қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

**2-тaraу. Серіктестік қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мұдделерін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен реттелетін ережелері (әрекеттері)**

7. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестік қызметкерлерінің келесі мінез-құлық нормаларын айқындаиды:

- 1) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындауға байланысты материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамау;
- 2) мұдделер қақтығысының алдын алуға, олар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;
- 3) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
- 4) өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;
- 5) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға, мүліктік және муліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;
- 6) заңмен тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтарды және өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеу;
- 7) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу;
- 8) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындау кезінде қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, іскерлік этикетті сақтау;
- 9) сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне қарсы тұру, сыйбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың кез келген фактілерінің жолын кесу;
- 10) жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін жүзеге асыруына кедергі жасамау;
- 11) кімге болса да табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда кез келген адамға көмек көрсетпеу;

12) Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулак болу.

### **3-тaraу. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде Серіктестік қызметкерлерінің мінез-құлық (әрекеттері) ережелері**

9. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестік қызметкерлерінің мынадай мінез-құлық стандарттарын айқындаиды:

1) Серіктестіктің тікелей басшысына немесе директорына мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мүдделердің, сыйбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейімділігінің және сыйлықтар алудың туындауы туралы, белгілі болған сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы жазбаша хабарлау;

2) Қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және пайдакұнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

3) Әріптерге және басшыларға қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін болатын заңсыз өтініштер жасаудан аулак болу;

4) сыйбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасауға басқа тұлғаларды итермелегуге және оларды ынталандыруға жол бермеу;

5) мүліктік және мүліктік емес игіліктер алу үшін өзінің еңбек (функционалдық) міндеттерін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбау;

6) еңбек (функционалдық) міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;

7) мүліктік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында пайдаланбауға;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуда белсенділік таныту;

9) орындау үшін алынған өкімнің зандалығына күмән туралы өзінің тікелей басшысына жазбаша хабарлау;

10) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары тұрган басшылыққа хабарласу;

11) егер лауазымға тағайындау жақын түстық қатынастардағы адамдардың (ата-аналар, жұбайлар, аға-інілдер, апа-қарындастар, балалар) тікелей бағынуымен немесе бақылауымен байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тарту;

12) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулак болу.

#### **4-тарау. Серіктестік қызметкерлерінің ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезіндегі мінез-құлық (әрекеттері) ережелері**

10. Ишкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестік қызметкерлерінің мынадай мінез-құлық стандарттарын айқындаиды:

1) әзірленетін ішкі нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестік Жарғысына сәйкес келмеуіне жол бермеу, бұл үшін қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарды талдау және сараптау жүргізу, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасаудың негіз болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларда тиісті алдын алу шараларын көрсету;

2) өзіне немесе үшінші тұлғалар үшін заңсыз пайда алуы мақсатында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге жол бермеу;

3) бұрын қабылданған ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу. Егер оларда сыбайлас жемқорлық факторлары бар екені анықталса, оларды жою жөнінде шаралар қабылдау;

4) ішкі нормативтік құжаттарды келісу және бекіту рәсімдерінің бұзылуына жол бермеуге міндетті.

#### **5-тарау. Кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде Серіктестік қызметкерлерінің мінез-құлық (әрекеттері) ережелері**

11. Кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестік қызметкерлерінің мынадай мінез-құлық стандарттарын айқындаиды:

1) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

2) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендей белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу, жұмысқа қабылдау және қызметте көтерілу кезінде занда көзделмеген артықшылықтарды (протекционизм, отбасылық байланыстар) ұсынбау, жұмысқа жоғарылату, ынталандыру немесе жазалау, кадрлық және әлеуметтік мәселелерді шешуде жеке қарым-қатынастар негізі болмауы тиіс;

3) меритократия қағидатын басшылыққа алу;

4) жұмысқа орналасу кезінде қызметкерге жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіру;

5) тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы және жекжаттары тікелей бағынысты бола алмайды;

6) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негіzsіз беруге жол бермеу;

7) жұмысқа орналасқалы жүрген үміткерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу

8) қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жанжақты жүргізу;

9) бастық пен бағыныстының арасындағы достық, туыстық және жекжаттық қарым-қатынастарды қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешуге пайдаланбауға жол бермеу;

10) әріптерді жоғары құқықтық және сыйайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануын қолдау және ынталандыру;

11) қызметтік міндеттерін атқару кезінде сыйайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

3) Әріптерге және басшыларға қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін болатын заңсыз өтініштер жасаудан аулақ болу;

**6-тaraу. Серіктестік қызметкерлерінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі мінез-құлық (әрекеттер) ережелері**

12. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы стандарттар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Серіктестік қызметкерлері үшін келесі мінез-құлық стандарттарын анықтау:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын сақтау;

2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға пайдаланылатын қаражатты онтайлы және тиімді жұмсау;

3) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тәң мүмкіндіктер беру;

4) Әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидатын сақтау;

5) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету;

6) сыйайлар жемқорлықтың алдын алу;

7) жүргізіліп жатқан мемлекеттік сатып алуды кезінде мұдделер қақтығысының алдын алу;

8) осы әлеуетті жеткізушінің бірінші басшыларының, не шешім қабылдау құқығына ие уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының немесе жекжаттарының, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының жақын туыстарының, жұбайының немесе жекжаттарының қатысуына жол бермеу;

9) жекелеген өнім берушілерге артықшылықтар беретін техникалық талаптарды ерекше белгілеуді алып тастау;

10) тауарларды тиісті шарттар жасамай жеткізуді болдырмау;

11) сатып алуға байланысты кез келген шешімдерге шағымдану мүмкіндігін беру;

12) уәкілетті органға жосықсыз өнім берушілерді тиісті Тізілімге енгізу туралы хабарламаларды жіберуді қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген қосымша талаптарды белгілемеу;

14) сатып алуларға, соның ішінде мемлекеттік сатып алулар бойынша тауарлар жеткізілмесе, жұмыстар немесе көрсетілмеген қызметтер орындалмаған болса қабылдау-тапсыру актілеріне қол қоймау.

### **7-тaraу. Серіктестік қызметкерлерінің өмір сұру саласының ерекшеліктеріне байланысты өзге де қоғамдық-маңызды қатынастардағы мінез-құлық (әрекеттер) ережелері**

13. Өмір сұру саласының ерекшеліктеріне қарай басқа да әлеуметтік маңызы бар қатынастардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Серіктестік қызметкерлерінің мынадай мінез-құлық нормаларын айқындаиды:

1) бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін нақты және анық белгілеу;

2) бағынысты лауазымды тұлғалар арасында жұмыс жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

3) өз қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелесу мен жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік көрсету;

4) орындалуы мүмкін емес немесе лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін бұйрықтар бермеу.;

5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбау;

6) қарамағындағыларды сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

7) бағыныстылар мен өзге де лауазымды тұлғалардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзыуна жол бермеу және жолын кесу;

8) қызметтік міндеттерін атқару кезінде әріптестер арасында туындаитын мүдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақтылы қабылдау;

9) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шараларды қабылдауға міндетті.

### **8-тaraу. Серіктестік қызметкерлерінің қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде мінез-құлық (әрекеттері) ережелері**

14. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттары Серіктестік қызметкерлерінің мынадай мінез-құлық стандарттарын айқындаиды:

1) материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, өзге де мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланбау;

2) сыйбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды жасау, соның ішінде бейресми есептілік жасау мақсатында жүзеге асырылатын бухгалтерлік есепті жүргізуге, қаржылық есептілікті ұсынуға жол бермеу;

3) есепке алынбаған немесе қате тіркелген операцияларға жол бермеу;

4) болмаған шығыстарды есепке алуға жол бермеу;

5) нысаны дұрыс біріздендірілмеген міндеттемелерді көрсетуге жол бермеу;

6) жалған құжаттарды пайдалануға жол бермеу;

7) бухгалтерлік құжаттаманы занда көзделген мерзімдерінен бұрын қасақана жоюға жол бермеу;

8) Серіктестіктің мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мүлкін қызметтік мақсаттарда ұтымды және тиімді пайдалану.

## **9-тaraу. Басқа шектеулер мен тыйым салулар**

15. Серіктестік қызметкерлеріне мыналар ұсынылады:

1) мүліктік пайда, иглік немесе артықшылық алу мақсатында әріптестерге, басшыларға және басқа лауазымды тұлғаларға сыйлық беруге немесе қызметтен тыс қызметтер көрсетуге жол бермеу;

2) қымбат тұратын жылжымалы және жылжымайтын мүліктің, оларға немесе олардың отбасы мүшелеріне тиесілі көлік құралдарының суреттерін, сондай-ақ ойын-сауық мекемелеріндегі демалыс орындарынан түсірілген фотосуреттерді интернетте және әлеуметтік желілерде орналастыруға болмайды;

3) жұмыс орнында ғибадат, көне, антиквариат, сән-салтанат заттарын, сондай-ақ сыйлықтарды, кәдесыйларды, қымбат тұратын жазуға арналған жиынтықтарды және қымбат ағаштан, асыл тастар мен металдардан жасалған басқа да заттарды көзге көрсетіп қоймау;

4) алғыс хаттарды, грамоталарды және басқа да жеке еңбегі мен жетістіктері туралы куәліктерді қызметтік кабинетте сақтаған жағдайда қарапайымдылық пен парасаттылық сезімін сақтау;

5) сыйбайлас жемқорлық көріністері бойынша негізсіз жария айып тағылған жағдайда, мұндай айыпты анықтаған күннен бастап бір ай ішінде оны теріске шығару бойынша, соның ішінде сот тәртібімен, шаралар қабылдауға міндетті.

## **5-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау**

16. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен Серіктестіктің барлық қызметкерлері міндетті түрде танысулары қажет.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын сақтау Серіктестіктің барлық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың міндетті шарасы болып табылады.

18. Серіктестіктің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарын сақтамағаны немесе тиісінше сақтамағаны үшін заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік және өзге де жауапкершілікке тартылады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауды бақылау Серіктестіктің Бас директорына, оның орынбасарларына, Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және Сәйкестік жөніндегі уәкілге жүктеледі.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға сәйкестік (сәйкессіздік) туралы ақпарат Серіктестік қызметкерлерінің қызметін аттестаттау және/немесе бағалау кезінде пайдаланылады.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Серіктестіктің интернет-ресурсында жариялануы қажет.